

Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 29/05 қаулысы. Қарағанды облысының Эділет департаментінде 2015 жылғы 7 шілдеде № 3321 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары бекітілсін.
2. "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шаралар қолдансын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Әбдібеков

Қарағанды облысы әкімдігінің
2015 жылғы 01 маусымдағы
№ 29/05 қаулысымен
Бекітілген

Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 24-7) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру үйымының ішкі тәртібін үйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін айқындауды.

2. Үлгілік қағидалар білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидаларын әзірлеу және бекіту барысында бірыңғай көзқарастарды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

3. Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленеді.

4. Ишкі тәртіптемені қамтамасыз ету мақсатында, білім беру үйымының әкімшілігі, білім беру үйымының қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылары және

тәрбиеленушілерінің білім саласында Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Білім беру үйымдарының ішкі тәртіптемесінің қағидаларымен өздеріне жүктелген міндеттердің сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Білім беру үйымының ішкі тәртіптемесі

5. Білім беру үйымының ішкі тәртіптемесінің қағидаларында:
 - білім беру үйымының әкімшілігі және педагогтарының білім алушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы;
 - оку-тәрбие процесіне қатысуышылардың тәртібі;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуды және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;
 - үйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды үйымдастыру;
 - білім беру үйымының қызмет режимі (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәуліктік болуы, олардың белгілі уақыт ішінде болуы, оқу сабактарының ауысымдығы мен білім беру үйымының жұмысының өзге ерекшеліктері), жұмыс уақытының және педагогикалық және басқа қызметшілердің демалыс уақытының режимі;
 - білім беру үйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты, сабактардың арасындағы үзілістер;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу сабактарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.
6. Білім беру үйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің білім беру үйымының ішкі тәртіптемесі қағидаларына қолжетімділігін және таныстыруды қамтамасыз етеді.